представляет собой подход к обучению, направленный на углубление предметных знаний, развитие исследовательских способностей и совершенствование практических навыков обучающихся посредством исследования и решения задач, основанных на реальном химическом анализе. Однако разрыв между теоретическими знаниями и практическими умениями затрудняет адаптацию студентов к научно-исследовательской деятельности. В этой связи возникает необходимость интеграции технологии проектного обучения в процесс профессиональной подготовки. Цель исследования – теоретически и практически обосновать значение технологии проектного обучения в развитии исследовательских навыков будущих учителей химии, а также определить пути её внедрения в педагогический процесс. В ходе исследования были разработаны проектные задания в соответствии с содержанием курса «Квантитативный анализ» по дисциплине «Аналитическая химия», определены способы их применения в учебном процессе и критерии оценивания. Кроме того, для эмпирической оценки влияния проектного обучения на исследовательские навыки будущих учителей химии использовался квазиэкспериментальный метод. Согласно исследовательскому дизайну, были сформированы экспериментальная и контрольная группы: в экспериментальной группе технология проектного обучения применялась систематически, тогда как в контрольной группе продолжали использоваться традиционные методы преподавания. Результаты показали высокую эффективность проектного обучения в развитии исследовательских компетенций и подчеркнули значимость активного обучения и рефлексивной практики в программах подготовки педагогов. Эффективность проектного обучения на уроках химии была сопоставлена и оценена через анализ таких аспектов, как усвоение теоретических знаний, развитие практических умений, формирование исследовательских компетенций, навыков сотрудничества и учебной мотивации. Теоретически и практически обосновано, что проектное обучение способствует повышению качества преподавания аналитической химии. Сделан вывод о том, что студенты, освоившие данную технологию, достигли более высоких учебных результатов.

Ключевые слова: аналитическая химия, проектное обучение, исследовательские навыки, научно-методологическая основа, образовательная технология, искусственный интеллект, профессиональная направленность

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке даму үшін жағдай туғызу арқылы интеллектіні байыту жатады; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу, цифрлық білім беру экожүйесін дамыту, жасанды интеллектті оқу процесіне интеграциялау арқылы білім сапасын арттыру – деп көрсетілген (Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, 2023).

Химияны оқытуда білім алушы тек теориялық біліммен шектеліп қалмай, химиялық құбылыстарды тәжірибе арқылы терең түсініп, аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, нақты проблемаларды шешуде ғылыми-зерттеу әдістерін тиімді қолдануы қажет. Қазіргі заманғы білім беру парадигмасы болашақ мамандардан креативтілік пен дербестікті, зерттеушілік дағдылар мен кәсіби бейімделгіштікті талап етеді.

Жобалық оқыту технологиясын химия пәнінде қолдану – қазіргі білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі. Бұл әдіс білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына, олардың танымдық және зерттеушілік белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын арттыру мақсатында халықаралық тәжірибелер мен статистикалық деректер де ескеріледі. Финляндия мен Еуропа елдерінде қолданылып жүрген білім беру әдістемелері Қазақстанда да химия сабағын тиімді оқытуға ықпал ете алады. Аналитикалық химия – дәлдікті, логикалық ойлауды және теориялық білімді практикалық қызметпен ұштастыруды қажет ететін күрделі пәндердің бірі. Жобалық оқытуда студент нақты мәселені шешу үшін топпен немесе жеке жұмыс істеп, жоба аясында зерттеу жүргізеді, деректер жинайды, талдайды, қорытынды жасайды және оны көпшілік алдында қорғайды.

Осыған байланысты жобалық оқыту технологиясы оқу процесіне белсенді енгізіліп отыр, өйткені бұл әдіс білім алушының оқу әрекетін ұйымдастыруда тиімді, нәтижеге бағытталған, тәжірибелік-бағдарланған тәсіл ретінде танылады.

Ұзақ уақыттан бері қолданылып келе жатқанына қарамастан, жобалық оқыту (PBL) ұғымына қатысты ортақ қабылданған анықтама жоқ. Шынында да, әдебиеттерде PBL-ге қатысты әртүрлі анықтамалар көптеп кездеседі (Zerovnik & Šerbec, 2021).

Ғылыми жұмысында зерттеуші Holm жобалық оқытуды ұзақ мерзімді, студентке бағытталған оқыту процесі ретінде сипаттайды. Бұл процес барысында студенттер өздері шынайы өмірлік сұраққа жауап беретін немесе нақты мәселені шешетін өнім, презентация немесе орындау түрін тандайды, жоспарлайды, зерттейді және жүзеге асырады. Егер студенттер шынайы, маңызды тапсырмалар мен мәселелерге қатысса, олар оқу материалына жеке қызығушылық танытып, кәсіби мамандардың нақты өмірде жасайтын әрекеттеріне ұқсас тәжірибе алады (Holm, 2011).

Жобалық және проблемалық оқыту (problem-based learning) әдістері арасында ұқсас тұстары бар. Біріншіден, жобалық оқыту әдетте тұтас жобаға негізделеді және оны жүзеге асыру уақыты ұзағырақ болады (Paula et al., 2021). Алайда, Larmer және әріптестері жобалық және проблемалық оқытуды бір-біріне ұқсас деп қарастырады: "Жобалық және проблемалық оқытудың айырмашылығы көбіне теориялық және шартты сипатта болуы мүмкін" (Larmer, Mergendoller & Boss, 2015).

Материалдар мен әдістер. Жобалық оқыту – білім алушылардың күрделі әрі өмірмен тығыз байланысты жобаларға қатыстыру арқылы әртүрлі дағдылар

мен білімдерді меңгеруге және қолдануға бағытталған тиімді педагогикалық тәсіл. Зерттеулер көрсеткендей, жобалық оқыту студенттердің метатанымдық дағдыларын дамытуға оң әсер етеді, себебі бұл әдіс оларды рефлексиялық және өз бетінше білім алу процестеріне тартуға ықпал етеді (Burbules, Fan & Repp, 2020). Ғалымдардың пікірі бойынша, зерттеушілік дағдылар – бұл білім алушының сыни ойлау, аналитикалық қабілет, және мәселелерді шешу дағдыларының жиынтығы. Бұл дағдыларды дамыту арқылы білім алушылардың ғылымға қызығушылығын арттыруға және олардың білім алу процесін жақсартуға болады.

Ғалым В.В. Краевский еңбегінде зерттеушілік дағдыларын педагогикалық тәжірибемен байланыстыра отырып, ғылыми-зерттеу әрекетін әдіснамалық зерттеу және әдіснамалық қамтамасыз ету деп, ғылыми танымды білім жүйесі мен әрекет жүйесінің бірлігінде қарастыра отырып, педагогика ғылымының даму процесі мен заңдылықтары, педагогикалық зерттеулердің сапасы мен тиімділігін арттыратын тұғырлары мен әдіс-тәсілдерін нақтылап өткен (Краевский, 2021). Ғалым Г. Есполовада өз зерттеуінде оқушының зерттеушілік әрекетінің ерекшеліктеріне мән беру барысында оларда қалыптасатын немесе дами түсетін неше түрлі қабілеттер орын алып, көрініс беріп, оқу-танымдық әрекеттері барысында әлем, қоршаған орта туралы және білімдік ақиқаттар мен ғылыми танымдар жайындағы шындықты танып білу процесін белсендіруге мүмкіндік береді деп атап көрсетті (Ыбыраимжанов & Есполова, 2020).

Mesquita және т.б. (2018) жобалық оқытудың қандай түрі қолданылса да, оны енгізу үшін келесі аспектілерді қайта қарастыру қажет екенін ұсынады:

- қамтылатын мазмұнды;
- оқытушылар арасындағы ынтымақтастық формаларын;
- педагогикалық орта қалыптастыруды;
- студенттерге қолдау көрсету стратегияларын;
- бағалау процесін;

Бағалау мәселесі – жобалық оқытудың күрделі қырларының бірі болғандықтан, көптеген зерттеулердің назарына іліккен (Mesquita et al, 2018).

Жобалық оқыту үшін бір ғана әмбебап үлгі жоқ — ол нақты жағдай мен процес қатысушыларына (мұғалімдер, студенттер, факультет басшылары және т.б.) байланысты ерекшеленеді. Дегенмен, жобалық оқытуды басқа жобалардан ажырататын ортақ нұсқаулықтар мен қағидалар бар (Helle, Tynjälä & Olkinuora, 2006).

Олар мыналарды қамтиды:

- пәнаралық оқу бағдарламасы;
- командалық жұмыс ортасы;
- теория мен практиканың байланысы;
- бірнеше шешімі болуы мүмкін ашық сұраққа негізделген жоба;

Adal S. өз зерттеуінде студенттердің зерттеу қызығушылығын ояту және арттыру үшін көпфакторлы стратегияларды жүзеге асыру қажет. Бұл стратегиялар келесі негізгі бағыттарды қамтуы тиіс: нақты жоспарланған

зерттеу бағдарламалары, қызығушылықты ынталандыру, ресурстарға қолжетімділік, зерттеу дағдыларын дамыту және студенттердің өз бейімділіктерін анықтау үшін кеңес беру қызметтері. Болашақ зерттеулер студенттердің қызығушылығын ерте кезеңнен дамыту және қолдау мақсатында тиімді стратегияларды анықтауға бағытталуы тиіс екенін атап өткен (Adal, Akylbekova & Utemissova, 2025).

Wisarut Payoungkiattikun жасаған жобалық оқыту моделінде болашақ мұғалімдердің метатанымдық қабілеттерін айтарлықтай арттырған. Әсіресе, студенттердің тапсырманы жоспарлау мен стратегияны жетілдіру дағдыларында үлкен прогресс байқалған. Бұл жобалық оқыту тәсілінің оқытуда метатанымдық дамуға бағытталған тиімді құрал екенін көрсетеді.

Л.Г. Хисамиеваның еңбегінде ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің құрылымын анықтауда, ең алдымен, ғылыми-зерттеу қызметінің ерекшеліктерін нақты түсіну, және сол ерекшеліктерге жауап беретін білім, білік, дағдылар жиынтығын анықтау қажет. Ғылыми-зерттеу құзыреттілігі құрамына когнизациялық, абдуктивтік, аргументациялық және верификациялық субқұзыреттер кіреді. Әрқайсысы өзіндік функцияға ие, және белгілі бір білім, іскерлік және дағдылар жиынтығымен сипатталады (Хисамиева, 2015). Біздің зерттеу жұмысымызда зерттеу дағдысын анықтайтын бағалау критерийлері мен көрсеткіштері осы субқұзыреттермен сәйкес келеді.

Хуторской А.В. болашақ мұғалімнің басты кәсіби құзыреттіліктерінің бірі ретінде зерттеушілік-коммуникативтік қабілетті атап өтеді және бұл қабілет жобалық жұмыстар барысында қалыптасатынын дәлелдейді.

Жобалық оқыту кезінде студенттер:

- мәселені өз бетінше тұжырымдайды.
- ақпарат жинайды, салыстырады, жүйелейді.
- гипотеза құрып, оны тексереді
- нәтиже шығарып, баяндама немесе есеп береді (Хуторской, 2013).

Ғалымдардың ой-пікірлерін жүйелей келе, зерттеу дағдылары- бұл білім алушының жаңа білімді табуға, және меңгеруге бағытталған танымдық әрекеті.

Жобалау негізіндегі оқыту әдісі ұзақ жылдар бойы қалыптасқандығы мен теориялық негізі бар екенін көрсетеді. Бұл әдіс студенттерге нақты мәселелерді шешуге, жоспарлауға, шығармашылық пен өнімділікке бағытталған міндеттерді орындауға мүмкіндік беріп, өзіндік білім мен дағдыларды дамытуға көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, жобалық әдісі оқушылардың дербестендірілген жұмысын ынталандырып, оларды өз беттерімен толық түсінуге жетелейді. Бұл тәсіл студенттердің білімін бекіту мен кәсіби дағдыларды жетілдіруге тиімді деп саналады және оны оқу процесінде жиі қолдану ұсынылады.

Зерттеу барысында қолданылған жобалық оқытудың кезеңдері мынадай:

1. Мақсат қою және зерттеу мәселесін анықтау кезеңі.

Бұл кезеңде зерттеушілер нақты зерттеу сұрақтарын және олардың маңыздылығын анықтайды. Сонымен қатар, зерттеу жүргізу үшін қажетті әдістер мен құралдарды таңдау жүзеге асырылады.

2. Зерттеу жұмысының жоспарын және дизайнын құру.

Бұл кезеңде зерттеу жоспарын құру керек, ол зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды. Жоспарға зерттеу әдістері, деректер жинау тәсілдері және талдау әдістері енгізілуі тиіс.

3. Тәжірибе жүргізу және зерттеу әдістерін қодану кезеңі.

Бұл кезеңде нақты деректер жинау және талдау мақсатында тәжірибе жүргізу жүзеге асырылады. Тәжірибе жүргізу барысында алынған мәліметтер зерттеудің негізгі нәтижелерін қалыптастырады.

4. Алынған мәліметтерді өңдеу және талдау кезеңі.

Бұл кезеңде алынған мәліметтер мұқият өңделіп, талданады. Нәтижелерді дұрыс интерпретациялау үшін деректерді жүйелеу және салыстыру маңызды. Осылайша, зерттеудің негізгі мақсаттары мен сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік туады.

5. Жобаны жазу және қорғау.

Бұл кезеңде жобаны жазып, талқылап қорытындылайды.

Осы кезеңдерге сәйкесінше білім алушылардың зерттеу құзыреттілігін анықтайтын бағалау критерийлері мен көрсеткіштері анықталды:

- ғылыми мәселені қоя білуі – проблемалық жағдайды анықтай білуі; мәселенің өзектілігін дәлелдей алуы; зерттеу сұрағын нақты тұжырымдай білуі; мәселені шешу жолдарын болжай білуі; әдеби шолу жасау арқылы мәселені негіздей алуы;

- зерттеуді жоспарлау дағдысы – жоспар құра білуі; қойылған мәселені шешуде болжам жасай алуы; зерттеу уақыты мен кезеңдерін дұрыс бөлуі;

- зерттеу әдістерін қолдана алу дағдысы – теориялық зерттеу әдістерін меңгеруі (синтез, жинақтау, индуктивті, дедукция,) эмпирикалық зерттеу әдістерін қолдана алуы;

- алынған мәліметтерді өңдеу және талдау дағдысы – сапалық анализ жасау; дескриптивті анализ жасай алу дағдысы; статистикалық талдау жасау дағдысы;

Сонымен қатар, жобалық оқытуда студенттердің зерттеу құзыреттілігін дамыту мақсатында анықталған критерийлерді қалыптастыруда жасанды интеллектті қолданудың маңызы зор. Себебі, Holme-нің еңбегінде жасанды интеллект құралдары оқу процесін дербестендірумен қатар, студенттердің ақпаратты талдау, сұрыптау және интерпретациялау қабілеттерін күшейтетіні атап өтілген (Holme, 2025).

Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру саласындағы оқыту процесін түрлендіруге және дәстүрлі қиындықтарды жеңуге, білімалушылардың қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына және қабілеттеріне бейімделіп, жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда білім беру процесі жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдануда. Дербестендірілген оқу жолдары, интеллектуалды оқыту жүйелері және виртуалды шындық сыныптары сияқты әдістер білім беруді бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткізеді. Дегенмен, бұл мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін жасанды интеллект технологияларын мұқият интеграциялау, этикалық мәселелерді шешу және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

Мысалы, ChatGPT (OpenAI), Google Gemini, Bing, DeepSeek – жобаны жазу және іске асырудың барлық кезеңінде керекті ақпаратты іздеуге, өңдеуге пайдалы және кез-келген сұрақтарыңызға жауап алып, тапсырмаларыңызды орындауға арналған виртуалды көмекші. Алайда, ChatGPT-дің ақылы платформасының бір ерекшелігі – SORA функциясы негізінде сұранысқа байланысты фото, видео жасап беру қолдануда. Бұл, соңғы жобаны қорғау кезеңінде презентацияға қажет болған жағдайда қолданудың таптырмас құралы. Notebook LM де жобалық оқытудың бірінші және соңғы кезеңінде теориялық шолу жасау үшін бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстарын талдап, жинақтауға көмектеседі.

Сондай-ақ, Scispace, Elicit, ChatPDF жасанды интеллекттерін қолдану арқылы жобаны жүргізудің бастапқы кезеңінде өзекті мәселелерді анықтау мақсатында ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарын тауып, мақаламен тілдесу арқылы кез-келген сұрақтарды қойып мазмұнын түсінуге болады. Дегенмен, әр жасанды интеллекттің өзара ұқсастықтарынан бөлек ерекшеліктері де бар. Мысалы, ChatPDF-тің мүмкіндіктері Scispace, Elicit ЖИ-ларына қарағанда азырақ.

Avidnote, Scite жасанды интеллект платформалары зерттеу жұмыс тақырыбына сәйкес ғылыми дәлелдерді ұсынып сілтемесімен әдебиеттік шолуға мүмкіндік береді. Avidnote-тың бір артықшылығы теориялық зерттеуден бөлек IMRAD-қа сәйкес кіріспе, әдістемесі секілді басқа да бөлімдері бойынша тақырыпқа сәйкес ғылыми зерттеу мазмұнын ашып береді. Алайда, бұл ақпараттарды салыстырмалы түрде қолданған жөн. Себебі, әдебиеттік шолу жасауда көрсетілген сілтемелер тексеруді қажет етеді, авторлардың ғылыми еңбектері түгелдей қарастырылады. Ал, Scite мәліметтері салыстырмалы түрде шынайырақ.

Jenni - жобаны жазудың барлық кезеңінде ойды, мақсатты бағдарлауға, тұжырымдауға идея беретін, сөйлемді жазып бастасаң мазмұнды автоматты түрде құратын жасанды интеллект құралы.

Connected papers және Litmaps - зерттеу жұмыстары арасындағы байланысты көруге арналған, тақырыпқа сәйкес ғылыми мақалалар картасын визуализациялайтын құрал. Бұл мүмкіндіктер зерттеу бағытын анықтауға қолайлы.

XMIND.AI - жобаның әдістемелік бөлімін жазуда, моделдеуді құрастыруда дайын шаблондарды ұсынатын және өзгертіп құрастыруға болатын құрал.

Power Brill, Jamovi- жобаның төртінші және бесінші кезеңінде зерттеу нәтижелеріне сандық талдау жасауға және жазуға көмектеседі.

Жасанды интеллект құралдарын орынды әрі мақсатты қолдану жобалық оқытудың тиімділігін арттырып, студенттердің зерттеу дағдысын қалыптастыруға мол мүмкіндік береді.

Жоғарыда қарастырылған жасанды интелектерді зерттей келе экспериментті жүргізу барысында білімалушыларға қажетті деп табылған жасанды интелектті қолдану нұсқаулығы берілді. Соған сәйкес, жобалық оқыту үрдісінде эксперимент қатысушылары ChatGPT (<https://chat.openai.com>), Scite (<https://>

www.scite.ai), SciSpace (<https://typeset.io>), Jenni (<https://jenni.ai>), PowerDrill (<https://www.powerdrill.ai>) және т.б. жасанды интеллект түрлерін қолдана отырып, жобаны дайындау және іске асыруда тиімді құрал ретінде пайдаланады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу әдістері білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге шолу жүргізіліп, бастапқы зерттеу және қалыптастырушы эксперименттер, зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдауы жасалынды.

Жобалық оқыту технологиясында жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып, химия сабақтарында тиімділігін көрсетті. Зерттеу барысында заманауи жасанды интеллектке негізделген бірқатар цифрлық құралдар қолданылып, олардың әрқайсысы жобаны жүзеге асырудың нақты кезеңдерінде пайдаланылды. Зерттеуде талдау мен синтез, педагогикалық эксперимент, теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Тандалған үлгіге сәйкес зерттеу 12 апта бойы практикалық топтық оқыту тәсілі арқылы жүзеге асырылды. Оқытудың тәуелсіз айнымалысы ретінде жобалық оқыту әдісі, ал тәуелді айнымалы ретінде болашақ химия пәні педагогтарының зерттеу дағдылары алынды.

Жоба әдісін тиімді жүзеге асыру үшін зерттеушілер келесі міндеттерді орындады:

Болашақ мұғалімдерге жобалық оқыту негіздері бойынша бастапқы білім беру мақсатында 4 сағаттық кіріспе оқыту семинары ұйымдастырылды.

Студенттердің ілгерілеуін қалыптастырушы бағалау, рефлексивті күнделіктер және оқытушының кері байланысы арқылы үнемі бақыланып отырды.

Зерттеу дағдыларының дамуына байланысты мәліметтерді алдын-ала және кейінгі тесттер, өзін-өзі бағалау құралдары, сондай-ақ бақылау жазбалары арқылы жиналды.

Қатысушы студенттер құрылымдалған төрт кезеңнен тұратын жобалық оқыту үлгісі негізінде топтық және өзіндік бағыттағы оқу әрекеттеріне белсенді қатысты. Әр топ 5-6 студенттен құралды және олар пән мазмұнына сәйкес нақты жобаны 12 апта ішінде бірлесе орындады.

Нәтижелер мен талқылаулар. Жобалық оқыту моделі негізінде ұйымдастырылған эксперименттік оқытудың нәтижесін анықтау үшін экспериментке дейін пре-тест және кейін пост-тест алынды. Сынақ нәтижелерін статистикалық талдау мақсатында тәжірибеге екі түрлі, яғни бақылау және эксперименттік топтары қатысқанына байланысты «Т-Студент» тестінің тәуелсіз үлгілерге арналған түрі қолданылды.

«Т-Студент» тесті – екі таңдаманың ортасын салыстыру және олардың арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын анықтау үшін қолданылатын статистикалық әдіс. Орташа мәндерді салыстыру үшін t-тесті келесі формула арқылы есептеледі:

$$t = \frac{M_1 - M_2}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}}$$

мұндағы M_1 – бірінші салыстырылған топтың орташа арифметикалық мәні; M_2 – екінші салыстырылған топтың орташа арифметикалық мәні; m_1 – бірінші арифметикалық ортаның орташа қатесі; m_2 – екінші арифметикалық ортаның орташа қатесі [14].

T-тестінің маңыздылық деңгейі 0,05-тен кіші болса ($p < 0,05$) – бұл топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңызды екенін білдіреді. Ал, p мәні 0,05-тен жоғары болған жағдайда – бұл нөлдік гипотезаны жоққа шығаруға дәлелдер жеткіліксіз және топтар арасында маңызды айырмашылық жоқ екендігін білдіреді.

1-кестеде бақылау және эксперименттік топтардан алынған экспериментке дейінгі сынақтың нәтижесі «Т-Стьюдент» тесті арқылы есептелген.

Кесте 1 – Эксперименттік және Бақылау топтарынан алынған пре-тест арқылы зерттеу құзыреттілігін «Т-Стьюдент» тесті арқылы бағалау нәтижелері

Критерийлер	Бақылау тобының орташа мәні	Эксперименттік топтың орташа мәні	Критерийлердің эмпирикалық мәні	Маңыздылық деңгейі
Ғылыми мәселені қоя білуі	61.667±16.381	58.182±13.848	0,752	0,457
Зерттеуді жоспарлау дағдысы	54.286±13.719	51.818±12.203	0,622	0,537
Зерттеу әдістерін қолдана алу дағдысы	51.905±10.895	46.591±9.308	1,716	0,094
Алынған мәліметті өңдеу және талдау дағдысы	44.762±9.148	41.591±7.62	1,232	0,225

Кестеде көрсетілгендей барлық критерийлер бойынша t-тест нәтижелері бақылау және эксперименттік топтар арасында статистикалық маңызды айырмашылықтардың жоқтығын көрсетеді, өйткені барлық критерийлер үшін p -мәндері 0,05 мәнділік деңгейінен асады. Алайда, «Зерттеу әдістерін қолдана алу дағдысы» бойынша маңыздылық деңгейі 0,05-ке жақын болып, мән беру тенденциясы байқалғанымен, белгіленген межеге жетпейді. Бұл бастапқыда 2 топ арасында зерттеу құзыреттілігі деңгейінде маңызды айырмашылық жоқтығын көрсетті.

Сонымен қатар, төмендегі 2-кестеде эксперименттен кейін 2 топтан алынған «Т-Стьюдент» тестінің нәтижесі қарастырылған.

Кесте 2 – Эксперименттік және Бақылау топтарынан алынған пост-тест арқылы зерттеу құзыреттілігін «Т-Стюдент» тесті арқылы бағалау нәтижелері

Критерийлер	Бақылау тобының орташа мәні	Эксперименттік топтың орташа мәні	Критерийлердің эмпирикалық мәні	Маңыздылық деңгейі
Ғылыми мәселені қоя білуі	66.667±16.533	85.227±7.151	-4,739	0***
Зерттеуді жоспарлау дағдысы	61.19±13.593	83.636±5.811	-6,983	0***
Зерттеу әдістерін қолдана алу дағдысы	59.048±12.106	83.409±5.431	-8,446	0***
Алынған мәліметті өңдеу және талдау дағдысы	53.095±8.584	83.636±6.58	-13,05	0***

Мұндағы *** – $p < 0,001$.

Стюденттің t-тестінің көмегімен жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері барлық критерийлер бойынша эксперименталды топтың нәтижелері бақылау тобының нәтижелерінен айтарлықтай жоғары және барлық айырмашылықтар статистикалық маңызды ($p < 0,001$). Бұл нәтижелер эксперименттік оқыту әдістерінің тиімділігін растайды және білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін құнды ақпарат береді. Негізінде, жоғарыда сипатталған нәтижелер тәжірибелік оқыту әдістерінің тиімділігін және олардың зерттеу дағдыларын дамытуға оң әсерін көрсетеді. Топтар арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтар мұндай әдістерді жүзеге асыру білім сапасы мен студенттердің ғылыми жұмысқа дайындығын айтарлықтай арттыруға болатынын көрсетеді. Бұл әдістерді білім беру бағдарламаларында пайдалануды жалғастыру және дағдыларды дамытуға ұзақ мерзімді әсерді бағалау үшін қосымша зерттеулер жүргізу ұсынылады (Критерии и методы, 2025).

Сондай-ақ, шетелдік тәжірибелер де химияны оқытуда жобалық оқытуды қолданудың болашақ химия мамандары үшін маңыздылығын анықтайды. Мысалы, соның ішінде Randy Delostrico-ның химияны оқытудағы жобалық оқыту технологиясы (PBL) еңбегінің зерттеу нәтижелері жобаға негізделген оқытудың химияны оқытуда білім алушылардың оқу үлгерімін арттыру үшін пайдалануға болатын тиімді оқыту стратегиясы екендігін көрсеткен (Delostrico, 2019).

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері химия педагогтерін даярлау бағдарламаларына жобалық оқыту технологиясын енгізу маңыздылығы мен қолдану болашақ химия педагогтерінің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіруде тиімді құрал бола алатынын көрсетті. Сандық анализ пәнін оқыту процесіне жобалық тапсырмаларды енгізу білім алушылардың пәнді тереңірек меңгеруіне, аналитикалық ойлау қабілетін дамытуына және заманауи цифрлық ресурстарды пайдалану дағдыларын жетілдіруіне ықпал етті.

Зерттеу барысында студенттер оқу материалының практикалық мәнін түсіне

отырып, нақты зерттеу жүргізуге бағытталған тапсырмаларды орындау арқылы өздерінің ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық және топпен жұмыс жасау қабілеттерін арттырды. Бұл оқыту форматы тек білім берудің тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар болашақ химия педагогтерінің кәсіби тұрғыдан дайындаудың сапасын жақсартуға да септігін тигізеді.

Жобалық оқытуды жүйелі түрде қолдану арқылы білім алушылардың дербес жұмыс жасауға, зерттеу жүргізуге, нәтижені талдап, оны рефлексиялауға бейімділігі артады. Осылайша, жобалық әдіс тек оқу нәтижелеріне емес, сонымен қатар болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына да оң әсер етеді. Осы зерттеу негізінде жобалық оқытуды педагогикалық білім беру бағдарламаларына кеңінен енгізу ұсынылады. Бұл болашақ химия педагогтерінің ғылыми-зерттеу әлеуетін арттырып, білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Adal S., Akyzbekova T.N., Utemissova A.Zh. (2025) Improving the research competence of post-graduate students at the University of Kazakhstan. Ясауи университетінің Хабаршысы. — № 1(135). — Б. 496–511. DOI: 10.47526/2025-1/2664-0686.182.

Burbules N.C., Fan G., Repp P. (2020) Five trends of education and technology in a sustainable future. *Geography and Sustainability*. — Vol. 1, № 2. — P. 93–97. DOI: 10.1016/j.geosus.2020.05.001.

Delostrico R. (2019) Project-based learning (PBL) in teaching chemistry. *International Journal of Current Research*. — Vol. 11, № 7. — P. 5656–5663.

Helle L., Tynjälä P., Olkinuora E. (2006) Project-based learning in post-secondary education: Theory, practice and rubber sling shots. *Higher Education*. — Vol. 51, № 2. — P. 287–314. DOI: 10.1007/s10734-004-6386-5.

Holm M. (2011) Project-based instruction: A review of the literature on effectiveness in prekindergarten through 12th grade classrooms. *Rivier Academic Journal*. — Vol. 7, № 2. — P. 1–13. — URL: <https://www2.rivier.edu/journal/ROAJ-Fall-2011/J575-Project-Based-InstructionHolm.pdf>

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. — Астана: Қазақстан Республикасы, 2023.

Краевский В.В. Методология педагогики: пособие для педагогов-исследователей. — Чебоксары: Изд-во Чуваш. ун-та, 2021. — 312 с.

Критерии и методы. Т-критерий Стьюдента для независимых совокупностей [Электронный ресурс]. — URL: <https://medstatistic.ru/methods/methods.html>

Larmer J., Mergendoller J., Boss S. (2015) Setting the standard for project based learning a proven approach to rigorous classroom instruction. Alexandria: ASCD San Rafael: Buck Institute for Education. — 240 p.

Mesquita D., Chagas R.L.C.P., Lima R.M., Chagas J. (2018) Assessment models in two project based learning PBL approaches an exploratory study. *Brasilia: PAEE ALE 2018 Proceedings*. — P. 612–619.

Paula M., Ferreira M., Veloso B. (2021) Improving student engagement with project based learning a case study in software engineering. *IEEE Revista Iberoamericana de Tecnologias del Aprendizaje*. — Vol. 16. — P. 21–28.

Хисамиева Л.Г. (2015) Структура научно-исследовательской компетенции специалиста с высшим профессиональным образованием. *Педагогика*, 2015. — № 7. — С. 71–78.

Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования. *Народное образование*, 2013. — № 2. — С. 58–64.

Ыбыраймжанов К.Т., Есполова Г.К. К вопросу об исследовательской деятельности обучающихся. *Торайғыров университетінің Хабаршысы. Педагогикалық серия*, 2020. — № 3. — Б. 581–587.

Zerovnik A., Šerbec I.N. Project-based learning in higher education. Technology supported active learning: lecture notes in educational technology. ed. by M. Vaz de Carvalho, M. Bauters. — Cham: Springer, 2021. — P. 45–62.

References

- Adal S. Akylbekova T.N. Utemissova A.Zh. (2025) Improving the research competence of post graduate students at the University of Kazakhstan Turkistan: Yasaui universitetinin Khabarshysy. — No. 1(135). — P. 496–511. (in English)
- Burbules N.C. Fan G. Repp P. (2020) Five trends of education and technology in a sustainable future Geography and Sustainability. — Vol. 1(2). — P. 93–97. (in English)
- Delostrico R. (2019) Project based learning PBL in teaching chemistry International Journal of Current Research. — Vol. 11(7). — P. 5656–5663. (in English)
- Helle L. Tynjala P. Olkinuora E. (2006) Project based learning in post secondary education theory practice and rubber sling shots. Higher Education. — Vol. 51(2). — P. 287–314. (in English)
- Holm M. (2011) Project based instruction a review of the literature on effectiveness in prekindergarten through 12th grade classrooms. Rivier Academic Journal. — Vol. 7(2). — P. 1–13. (in English)
- Hismieva L.G. (2015) Struktura nauchno issledovatel'skoi kompetencii specialista s vysshim professionalnym obrazovaniem [Structure of research competence of a specialist with higher professional education]. Pedagogika. — No. 7. — P. 71–78. (in Russian)
- Hutorskoi A.V. (2013) Klyuchevye kompetencii kak komponent lichnostno orientirovannoi paradigmy obrazovaniya [Key competencies as a component of the personality oriented educational paradigm]. Narodnoe obrazovanie. — No. 2. — P. 58–64. (in Russian)
- Kraevskii V.V. (2021) Metodologiya pedagogiki posobie dlya pedagogov issledovatelei [Methodology of pedagogy A guide for educational researchers]. Cheboksary: Izdatel'stvo Chuvashskogo universiteta. — 312 p. (in Russian)
- Larmer J. Mergendoller J. Boss S. (2015) Setting the standard for project based learning a proven approach to rigorous classroom instruction. Alexandria: ASCD San Rafael: Buck Institute for Education. — 240 p. (in English)
- Mesquita D. Chagas R.L.C.P. Lima R.M. Chagas J. (2018) Assessment models in two project based learning PBL approaches an exploratory study. Brasilia: PAEE ALE 2018 Proceedings. — P. 612–619. (in English)
- Paula M. Ferreira M. Veloso B. (2021) Improving student engagement with project based learning a case study in software engineering. IEEE Revista Iberoamericana de Tecnologias del Aprendizaje. — Vol. 16. — P. 21–28. (in English)
- Ybyraimzhanov K.T. Espolova G.K. (2020) K voprosu ob issledovatel'skoi deyatel'nosti obuchayushchikhsya [On the issue of students research activity]. Pavlodar: Toraygyrov universitetinin Khabarshysy Pedagogikalyk seriya. — No. 3. — P. 581–587. (in Russian)
- Zakon Respubliki Kazakhstan “Bilim turaly” (2023) [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”]. Astana (in Kazakh)
- Zerovnik A., Šerbec I.N. Project-based learning in higher education. *Technology supported active learning: lecture notes in educational technology*. ed. by M. Vaz de Carvalho, M. Bauters. — Cham: Springer, 2021. — P. 45–62. (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.12.2025.

46,0 п.л. Заказ 6.